

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдерінің, мекемелерінің, кәсіпорындарының және ұйымдарының мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз етілетін азаматтық қызметкерлері кейбір санаттарының жыл сайынғы ақылы демалыстарының ұзақтығы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 155 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 6 тамызда тіркелді. Тіркеу N 1615. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2006 жылғы 30 қарашадағы N 451 Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Қорғаныс министрінің 2006.11.30 N 451 Бұйрығымен.

----- Бұйрықтан үзінді -----

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 4-тармағына, 60-бабы 3-тармағына, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүйесіндегі басшылық құрамның, мамандар мен техникалық қызметкерлердің әскерлердің тұрақты жауынгерлік әзірлігін, жауынгерлік кезекшілікті қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ерекшелігін ескере
о т ы р ы п

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

- 1
- 2

3. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2001 жылғы 6 тамызда N 1615 болып тіркелген "Мемлекеттік бюджет есебінен ұсталатын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімдері, мекемелері, кәсіпорындары мен ұйымдары азаматтық қызметкерлерінің жекелеген санаттарына берілетін жыл сайынғы ақылы демалыстарының ұзақтығы туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2001 жылғы 11 маусымдағы N 155 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

- 5

6. ...

Армия генералы

М. Алтынбаев

"Қазақстан Республикасындағы еңбек туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 4-тармағына және 60-бабының 3-тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі жүйесіндегі басшылық құрамның , мамандардың және техникалық қызметкерлердің әскерлердің тұрақты

жауынгерлік дайындығын, жауынгерлік кезекшілікті, әскери оқуларды және басқа міндеттерді қамтамасыз ету жөніндегі жұмыс ерекшеліктерін ескере отырып

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдерінің, мекемелерінің, кәсіпорындарының және ұйымдарының мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз етілетін азаматтық қызметкерлерінің әскерлердің жауынгерлік дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді және Қорғаныс министрлігі үшін ерекше басқа да жұмыстарды орындағаны үшін жыл сайынғы ақылы демалыс берілетін лауазымдары тізбесі" бекітілсін.

2. Тізбеде көрсетілген лауазымдар бойынша жыл сайынғы ақылы демалыс орындалатын жұмыстың ауқымына, күрделілігіне және интенсивтілігіне қарай 30 күнтізбелік күннен артық емес ұзақтықпен берілсін.

3. Қарулы Күштер түрлерінің қолбасшылары, әскери округтер әскерлерінің қолбасшылары, құрамалар мен әскери бөлімдердің, әскери оқу орындарының, мекемелердің, кәсіпорындардың және ұйымдардың командирлері (бастықтары) аталған демалыстарды қолданылып жүрген заңдарға сәйкес ұжымдық шарттарда (жеке еңбек шартында міндетті көрсетілуімен) қарастырсын.

4. Салалық тарифтік келісім жасасу жөніндегі тұрақты комиссия Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2000 жылғы 19 мамырдағы N 139а бұйрығымен жарияланған Салалық тарифтік келісімнің 26-тармағына лауазымдары Тізілімде көрсетілген қызметкерлердің жыл сайынғы ақылы демалысының ұзақтығы туралы қосымша енгізсін (тараптардың келісімі бойынша) .

5. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап күшіне енеді.

6. "Тізімді (Тізбені) пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы зиянды және (немесе) ауыр (өте ауыр), қауіпті (өте қауіпті) еңбек жағдайларында жұмыс істеу қосымша демалыс пен қысқартылған жұмыс күніне құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен қызметтердің Тізімінен (Тізбесінен) көшірмені жариялау туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2000 жылғы 19 желтоқсандағы N 330 бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

7. Бұйрық жеке әскери бөлімге дейін жеткізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Қ о р ғ а н ы с м и н и с т р і

генерал-полковник

"Келісілді"

Еңбек және халықты әлеуметтік

Қазақстан Республикасы

Қорғаныс министрінің

бекітілді

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери бөлімдерінің, мекемелерінің, кәсіпорындарының және ұйымдарының мемлекеттік бюджет есебінен қамтамасыз етілетін азаматтық қызметкерлерінің әскерлердің жауынгерлік дайындығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді және Қорғаныс министрлігі үшін ерекше басқа да жұмыстарды орындағаны үшін жыл сайынғы ақылы демалыс берілетін лауазымдары тізбесі

1 . А г р о н о м

2 . Ә к і м ш і л і к

3. Бас мұрағатшы, егер штатта бас мұрағатшының қызметі қарастырылмаған болса ,

м ұ р а ғ а т ш ы

4 . С ә у л е т ш і

5 . А к к о м п о н и а т о р

6. Барлық жанрдағы артистер

7 . К і т а п х а н а ш ы

8. Бухгалтер, бас бухгалтердің орынбасары мен көмекшісі

9 . М а л д ә р і г е р і

10. Жеңіл автомобиль жүргізушісі (таксиден басқа); дала жағдайларында геологбарлау, топографогеодезиялық және іздестіру жұмыстарында бос емес экспедиция және іздестіру партиясы автомобилінің жүргізушісі

11. Тәрбиеші (жатақханаларда)

12. Дәрігер-статист

13. Бас дәрігер, дәрігер

14. Бас режиссер, режиссер

15. Бас хормейстер, хормейстер

16. Бас балетмейстер, балетмейстер

17. Бас көркемдік жетекші, көркемдік жетекші

18 . Г е о д е з и с т

19 . Г е о ф и з и к

20 . Г и д р о а к у с т и к

21 . Г и д р о м е т б а қ ы л а у ш ы

22. Әскери-медициналық мекеменің бас медбикесі

23. Бас маман (бас терапевт, бас хирург, бас энергетик және тағы басқалар)

24. Құпия іс жүргізуші, іс жүргізуші, (іс жүргізуші-машинист), егер бұл қызмет әскери бөлім штатында біреу болса (мекемелер, әскери-оқу орындары,

кәсіпорындар, ұйымдар)

25. Директор, директордың орынбасары мен көмекшісі

26. Диспетчер

27. Қорықшы

28. Меңгеруші (басшы, бастық); меңгерушінің (басшының, бастықтың) орынбасары, аға көмекшісі, көмекшісі

Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 2004 жылғы 11 маусымдағы N 283 бұйрығымен.

29. Әкімшілік функцияларын атқаратын, тапсырыстардың сапалы және уақытылы орындалуын бақылайтын және гарнизондарда әскери қызметшілерге және олардың отбасы мүшелеріне қызмет көрсету үшін жолға шығатын киім пішіуші

30. Зоотехник

31. Кітапхана меңгерушісі

32. Дыбыс операторы

33. Инженер, бас инженердің орынбасары және көмекшісі

34. Инспектор

35. Нұсқаушы

36. Концертмейстер

37. Мәдени жұмыстар ұйымдастырушы

38. Бас кассир, егер ол әскери бөлімде (мекемеде, әскери оқу орнында, кәсіпорында, ұйымда) жалғыз болса, кассир

39. Киномеханик, кинорадиомеханик

40. Кинооператор; кинооператордың ассистенті, дыбыс операторы

41. Кинорежиссер; кинорежиссердің ассистенті және көмекшісі

42. Қойманың (сақтау орнының) жұмысын басқаратын қоймашы, егер штатта қойма (сақтау орнының) меңгерушісі лауазымы қарастырылмаса

43. Кодтаушы, шифрлеуші

44. Комендант, коменданттың орынбасары және көмекшісі

45. Корректор, еңбекақы төлеу бойынша лауазымы қызметшілер санатына жатқызылған

46. Тілші, фототілші

47. Шебер, еңбекақы төлеу бойынша лауазымы инженерлік-техникалық қызметкерлер санатына жатқызылған

48. Машинобасу бюросының меңгерушісі лауазымы болмаған жағдайда машинистка

49. Механик, еңбекақы төлеу бойынша лауазымы инженерлік-техникалық қызметкерлер санатына жатқызылған; бас механиктің орынбасары

50. Әдіскер

51. Клуб бастығы (меңгерушісі)
52. Ғылыми қызметкер
53. Бастық (командир); бастықтың (командирдің) орынбасары және көмекшісі
54. Нормалаушы
55. Шолушы
56. Ұшулар бойынша жедел кезекші
57. Оператор
58. Аңшы
59. Аудармашы
60. Планшетші
61. Алтын қабылдаушы, егер штатта қойма бастығының лауазымы қарастырылмаса
62. Жұмыс жүргізуші
63. Үйірме жетекшісі
64. Радиооператор, вахтада болмайтын
65. Ревизор
66. Редактор; редактордың орынбасары және көмекшісі
67. Референт
68. Хатшы; редакция жауапты хатшысының орынбасары және көмекшісі
69. Ғимараттардың караушысы
70. Мерзімді басылымдарды сұрыптаушы; пошта жөнелтілімдерін сұрыптаушы
71. Әскерилендірілген күзет отрядының (жекелеген команданың) старшинасы
72. Медициналық санақшысы
73. Бас бухгалтердің немесе бухгалтердің лауазымы болмаған жағдайда бас есепші; бухгалтердің немесе бас есепшінің лауазымы болмаған жағдайда дербес жұмыс учаскесін жүргізетін есепші
74. Бағалаушы (баспаханаларда)
75. Техник
76. Технолог, бас технологтың орынбасары және көмекшісі
77. Топограф
78. Басқарушы; басқарушының орынбасары және көмекшісі
79. Фельдъегер, арнайы тапсырмалар бойынша фельдъегер
80. Фотозертханашы (сот-медициналық зертханаларында)
81. Фондқорғаушы
82. Суретші
83. Эвакуаторшы (демалыс органдарында)
84. Экономист

85. Арнайы байланыс бойынша экспедитор

86. Жүк тасымалдау бойынша экспедитор

87. Сарапшы

88. Заң кеңесшісі

Ескерту: Демалыстың ұзақтығы жеке еңбек шартын жасасу барысында қарастырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК